



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Д. СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ
ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ ДЕПАРТАМЕНТІ

БЕКІТЕМІН

«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ

Ғылыми кеңесінің шешімі

Хаттама №13

27.06.2025 ж.

**«Д. СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШҚТУ» КЕАҚ
ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

«ШҚТУ» КЕАҚ Е 077-II-2025

Өскемен
2025

«Д. Серікбаева атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғам	
«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ ғылыми-техникалық кеңесі туралы ереже «ШҚТУ» КеАҚ ЖЭ 077-ІІ-2025	Стр. 2 из 12

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Ке АҚ Ғылыми-техникалық кеңесі туралы ереже халықаралық ISO 9001:2015 стандарты негізінде Ғылыми-зерттеу қызметі департаментімен әзірленді.

«ШҚТУ» КеАҚ ғылыми-техникалық кеңесі туралы ереже, 2025 жылғы 29 мамырдағы №6 хаттама.

«Д. Серікбаева атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғам	
«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ ғылыми-техникалық кеңесі туралы ереже «ШҚТУ» КеАҚ ЖЭ 077-ІІ-2025	Стр. 3 из 12

Мазмұны

1. Жалпы ережелер	4
2. Нормативтік құжаттар	4
3. Терминдер мен анықтамалар. Қысқартулар	5
4. Ғылыми-техникалық кеңестің мақсаты мен міндеттері	5
5. Ғылыми-техникалық кеңестің функциялары	5
6. Ғылыми-техникалық кеңестің құрамы, құрылымы және жұмыс ұйымдастырудың негізгі қағидалары	6
7. Ғылыми-техникалық кеңес хатшысының функциялары	7
8. Ғылыми-техникалық кеңестің құқықтары мен міндеттері	7
1 қосымша - Ғылыми-техникалық кеңес отырысының хаттамасының үлгісі	9
2 қосымша - Ғылыми-техникалық кеңес хаттамасынан үзінді үлгісі	10
3 қосымша – «Университеттің Ғылыми-техникалық кеңесі отырысының күн тәртібіне енгізу туралы» қызметтік хатының үлгісі	11
4 қосымша - Өзгерістерді тіркеу парағы	12

«Д. Серікбаева атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғам	
«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ ғылыми-техникалық кеңесі туралы ереже «ШҚТУ» КеАҚ ЖЭ 077-ІІ-2025	Стр. 4 из 12

1. Жалпы ережелер

1. Ғылыми-техникалық кеңес туралы ереже (бұдан әрі-Ереже) «Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КеАҚ (бұдан әрі-Университет) қызметін ұйымдастыру, сондай - ақ Ғылыми-техникалық кеңес (бұдан әрі-ҒТК) мүшелерін сайлау тәртібін белгілейді.

2. ҒТК туралы ережені университеттің Ғылыми кеңесі қарайды және бекітеді

3. ҒТК университеттің алқалы басқару органының нысаны болып табылады және өз қызметінде университет Жарғысын, Қазақстан Республикасының Ғылым және білім саласындағы нормативтік және директивалық құжаттарды, Басқарма төрағасы–ректордың бұйрықтарын және университеттің Ғылыми Кеңесінің шешімдерін және осы Ережені басшылыққа алады.

4. ҒТК университеттің Ғылыми, ғылыми-ұйымдастырушылық, ғылыми-техникалық және патенттік-лицензиялық қызметінің негізгі мәселелерін қарау үшін консультативтік-кеңесші орган ретінде құрылады және әрекет етеді және мүшелердің жариялылығы мен тең құқылығы қағидаттары бойынша әрекет етеді.

Ереженің талаптары ШҚТУ-нің барлық құрылымдық бөлімшелері үшін міндетті болып табылады.

Ереже ШҚТУ-ның ішкі нормативтік құжаты болып табылады және сапа менеджменті жүйесіне тексерулер жүргізу кезінде сертификаттау органдарының аудиторларынан басқа тараптарға, сондай–ақ тұтынушы-серіктестерге (олардың талабы бойынша) ШҚТУ Басқарма төрағасы-ректорының рұқсатымен ұсынылады.

2. Нормативтік құжаттар

5. Осы Ережені әзірлеу кезінде келесі нормативтік құжаттар пайдаланылды:

1) Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын алқалы басқару органдарының жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2025 жылғы 01 сәуірдегі №157 бұйрығы;

2) Қазақстан Республикасының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» 01.07.2024 жылғы №103-VIII ҚРЗ Заңы;

3) ISO 9000:2015 сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік;

4) ISO 9001:2015 сапа менеджменті жүйелері. Талаптар;

5) ISO 37001:2016 сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйелері. Талаптар және қолдану жөніндегі нұсқаулық.

6) «Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ ішкі нормативтік құжаттары.

3. Терминдер және анықтамалар. Қысқартулар

6. Осы Ережеде төмендегідей терминдер, анықтамалар мен қысқартулар пайдаланылады:

Университеттің ғылыми-техникалық кеңесі - ғылыми зерттеулер мен

«Д. Серікбаева атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғам	
«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ ғылыми-техникалық кеңесі туралы ереже «ШҚТУ» КеАҚ ЖЭ 077-ІІ-2025	Стр. 5 из 12

әзірлемелерді жүргізуді ұйымдастырушылық қамтамасыз ету саласындағы алқалы сараптамалық-кеңесші орган;

Ғылыми-зерттеу жұмысы - қолда бар білімді кеңейту және жаңа білім алу, ғылыми гипотезаларды тексеру, табиғат пен қоғамның даму заңдылықтарын белгілеу, жобаларды ғылыми жалпылау, ғылыми негіздеу мақсатында ғылыми ізденіспен, зерттеулер, эксперименттер жүргізумен байланысты жұмыс;

ҒТК - Ғылыми-техникалық кеңес;

ҒЗЖ – ғылыми-зерттеу жұмысы.

4. Ғылыми-техникалық кеңестің мақсаты мен міндеттері

7. ҒТК негізгі мақсаты - ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру және ғылыми әлеуетті нығайту мақсатында университеттің ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметін үйлестіру және стратегиялық жоспарлау.

8. Университеттің ҒТК міндеттері:

1) ғылымның басым бағыттарын дамыту, ғылыми зерттеулердің интеграциясына жәрдемдесу, инновациялық ғылыми қызметті дамыту жөнінде ұсыныстар қалыптастыру;

2) ғылыми әлеуетті дамыту және ғылыми зерттеулердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

3) университеттің ғылыми-зерттеу, инновациялық қызметі мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

4) университеттің ғылыми және ғылыми-техникалық әзірлемелерін сараптамалық бағалау;

5) ғылыми-зерттеу процесіне инновацияларды енгізуге жәрдемдесу;

6) өз бастамасы бойынша немесе Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ құрылымдық бөлімшелерінің ұсынысы бойынша ғылыми қызығушылық тудыратын мәселелерді қарау. және олар бойынша тиісті шаралар қабылдау.

5. Ғылыми-техникалық кеңестің функциялары

9. Жүктелген міндеттерге сәйкес ҒТК келесі функцияларды орындайды:

1) «Ғылыми-технологиялық серпіліс» бағытында «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ стратегиялық даму бағдарламасын іске асырудың негізгі бағыттарын әзірлейді;

2) университеттің ғылыми-зерттеу қызметі жөніндегі нормативтік құжаттарының жобаларын қарайды және оларды жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) ҰҒК мақұлдаған ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалардың, бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың ғылым саласындағы міндеттемелері шеңберінде жер қойнауын пайдаланушылардың қаражатынан қаржыландырылатын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларының және

«Д. Серікбаева атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғам	
«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ ғылыми-техникалық кеңесі туралы ереже «ШҚТУ» КеАҚ ЖЭ 077-ІІ-2025	Стр. 6 из 12

оларды орындау жөніндегі есептердің штат кестесін және бюджеттік өтінімін бекітеді;

4) университеттің ғылыми және ғылыми-техникалық іс-шараларын өткізудің жыл сайынғы жоспарларын Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің бекітуіне қарайды және ұсынады;

5) ғылыми-зерттеу қызметіне байланысты конкурстарға қатысу үшін кандидатураларды қарайды;

6) кандидаттардың мемлекеттік және басқа да сыйлықтарын алуға, ғалымдарға, оның ішінде жас ғалымдарға мемлекеттік стипендиялар беруге ұсынылатын ғылыми жұмыстарды қарайды;

7) қаржыландыруға жоспарланған ғылыми зерттеулер мен ҒЗТКЖ жобаларының техникалық тапсырмасын қарайды, ұсынады және келіседі;

8) сала бойынша ғылыми, ғылыми-техникалық қызметтің басым бағыттарын іске асыру мақсатында мамандандырылған бағыттарды қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

9) ұлттық ғылыми кеңестердің құрамына ұсынылатын ғалымдардың кандидатураларын қарайды.

6. Ғылыми-техникалық кеңестің құрамы, құрылымы және жұмыс ұйымдастырудың негізгі қағидалары

10. ҒТК келесі құрамда құрылады: ҒТК төрағасы, ҒТК хатшысы, ҒТК мүшелері. ҒТК төрағасы Басқарма мүшесі-ғылым және инновациялар жөніндегі проректор; хатшы – Ғылыми-зерттеу жобаларын сүйемелдеу кеңсесінің (SoP office) бас маманы; ҒТК мүшелері – мектептердің декандары мен ЖҒҚ, университеттің мектептері / орталықтары ұсынған жетекші ғалымдар болып табылады.

11. ҒТК-ке мүшелік ерікті және өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

12. Қажет болған жағдайда ҒТҚ шешімімен ҒТҚ құрамын өзгертуге жол беріледі (20% - дан аспайды).

13. ҒТК құрамы университеттің Басқарма төрағасы - ректорының бұйрығымен бекітіледі және кемінде 11 (он бір) адамнан тұратын тақ саннан тұруы тиіс.

14. ҒТК жұмысы ақпараттық-коммуникациялық құралдарды пайдалана отырып, бетпе-бет / онлайн отырыстар нысанында жүзеге асырылады және бейнежазбаға жазылады.

15. ҒТК отырыстары тоқсанына кемінде бір рет, ал шұғыл мәселелер туындаған кезде айына бір рет өткізілуі тиіс.

16. ҒТК отырыстары, егер оған оның мүшелерінің жалпы санының 2/3-тен астамы қатысса, жарамды деп есептеледі.

17. ҒТК шешімдері мен ұсынымдары отырыста қарапайым көпшілік дауыспен ашық дауыс беру арқылы қабылданады және хаттамаға (1-қосымша) енгізіледі. Егер отырысқа қатысып отырған ҒТҚ мүшелерінің көпшілігі оған дауыс берсе, ҒТҚ шешімі қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда ҒТК төрағасының

«Д. Серікбаева атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғам	
«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ ғылыми-техникалық кеңесі туралы ереже «ШҚТУ» КеАҚ ЖЭ 077-II-2025	Стр. 7 из 12

пікірі шешуші болып табылады.

18. ҒТК хаттамаларына ҒТК төрағасы мен хатшысы қол қояды. ҒТК хатшысы ҒТК отырысының хаттамаларын қағаз тасығышта және университет сайтында <https://www.ektu.kz/research/scientificandtechnicalcouncil.aspx> оларға ұқсас электрондық құжаттарды 3 жыл ішінде сақтауды қамтамасыз етеді.

19. ҒТК төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, отырыстарда төрағалық етеді, даулы мәселелерді талқылауда алқалылықты қамтамасыз етеді.

20. Отырысты өткізу уақыты мен орны, ҒТК қаралатын мәселелердің күн тәртібін төраға айқындайды және ҒТК мүшелерінің назарына бір күн мерзімде жеткізіледі.

21. Отырыстардан кейін қажетті құжаттарды, материалдарды дайындауды және отырыс хаттамаларын ресімдеуді ҒТК хатшысы жүзеге асырады.

22. ҒТК күн тәртібіне енгізу үшін материалдар Directum арқылы «Университеттің Ғылыми-техникалық кеңесі отырысының күн тәртібіне енгізу туралы» қызметтік жазба түрінде (3-қосымша) баяндамамен және шешім жобасымен бірге жіберіледі. Ұсынылатын материалдарды ҒТК хатшысы мен Төрағасы келіседі.

7. Ғылыми-техникалық кеңес хатшысының функциялары

23. Хатшы ҒТК қызметін қамтамасыз ету мақсатында кеңес жұмысын ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, оның ішінде отырыс өткізілгенге дейін үш жұмыс күні бұрын ҒТК мүшелеріне жіберілуі тиіс қажетті құжаттарды, материалдарды дайындайды.

24. ҒТК хатшысы өз құзыреті шегінде жүзеге асырады:

1) ҒТҚ жұмыс істеу тәртібін регламенттейтін ішкі құжаттарды әзірлеу және уақтылы өзектендіру;

2) ҒТК күн тәртібін қалыптастыру;

3) мәселелерді ҒТК қарауына шығарудың белгіленген рәсімінің сақталуын бақылау, қажет болған жағдайда құрылымдық бөлімшелердің тиісті мәселелері бойынша консультация беру және келісу, ҒТК ұсынымдарының орындалуын мониторингілеу және бақылау;

4) ҒТК отырысының хаттамаларын және келесі жылға арналған жұмыс жоспарын дайындау;

6) күн тәртібін және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды келісу мәселесі бойынша ҒТК Төрағасымен өзара іс-қимыл жасау;

7) университеттің интернет-ресурсында ҒТҚ мүшелері туралы ақпаратты, жыл сайынғы жұмыс жоспары мен ҒТҚ хаттамаларын және т.б. орналастыру.

8. Ғылыми-техникалық кеңестің құқықтары мен міндеттері

25. Ғылыми-техникалық кеңес:

1) қаралатын мәселелер бойынша шешімдер мен ұсынымдар шығаруға;

2) құрылымдық бөлімшелердің басшыларынан ҒТҚ жұмыс жоспары бойынша

«Д. Серікбаева атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғам	
«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ ғылыми-техникалық кеңесі туралы ереже «ШҚТУ» КеАҚ ЖЭ 077-ІІ-2025	Стр. 8 из 12

мәселелерді қарау үшін қажетті ақпарат пен құжаттаманы сұратуға;

3) университет басшылығының қарауына ҒЗЖ басқаруды жетілдіру, ҒЗЖ жүргізу сапасы мәселелері бойынша ұсыныстар енгізуге;

4) ағымдағы кезеңнің жұмыс жоспарына енген мәселелер бойынша комиссиялар құруға және сараптамалық талдау жүргізуге, сарапшылық жұмысқа ғалымдарды тартуға құқылы.

26. Ғылыми-техникалық кеңес:

1) өз қызметінде осы Ережені басшылыққа алуға;

2) ҒТК жұмыс жоспарына сәйкес қызметті жүзеге асыруға және университеттің ғылыми-зерттеу қызметінің барлық мәселелерін алқалы түрде қарауды қамтамасыз етуге;

3) есепті деректердің, мәліметтердің және өз қызметі процесінде пайдаланылатын басқа да материалдардың дұрыстығын тексеруге;

4) ҒТК мүшелері нақты мәселелерді қарау кезінде өздеріне белгілі мүдделер қақтығысы туралы кеңеске хабарлауға міндетті және кеңес қабылдайтын шешімдердің объективтілігі мен негізділігі үшін жауапты болады;

5) ҒТК мүшелері отырыстарға қатысуға, өз функцияларына жауапкершілікпен қарауға, ҒТК Төрағасының тапсырмаларын орындауға, кеңес жұмысына белсенді қатысуға міндетті;

6) ҒТК мүшесі отырыста қабылданатын шешіммен келіспеген жағдайда ҒТК отырысында өзінің ерекше пікірін білдіруге құқылы;

7) қызметтік этиканы, академиялық адалдықты және ішкі тәртіп ережелерін сақтауға міндетті.

«Д. Серікбаева атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғам	
«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ ғылыми-техникалық кеңесі туралы ереже «ШҚТУ» КеАҚ ЖЭ 077-ІІ-2025	Стр. 9 из 12

1 қосымша

Ғылыми-техникалық кеңес отырысының хаттамасының үлгісі

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КеАҚ
ғылыми-техникалық кеңесінің отырысының

№ __ хаттамасы

Өскемен қаласы

« __ » _____ 202_ жыл

Өткізу күні

Өткізу уақыты

Өткізу форматы

Төраға

Басқарма мүшесі-ғылым және инновациялар жөніндегі
проректор

Хатшы

Ғылыми-зерттеу жобаларымен сүйемелдеу кеңсесінің
(SOP office) бас маманы

Қатысушылар:

ҒТК мүшелері және шақырылғандар

КҮН ТӘРТІБІ

1.

Баяндамашы – ТАӘ;

2. Қосымша сұрақтар.

БАЯНДАЛДЫ:

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші сұрақ бойынша

Баяндамашы – ТАӘ;

Екінші сұрақ бойынша

Баяндамашы – ТАӘ.

ТАЛҚЫЛАУҒА ҚАТЫСТЫ:

«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ ҒТК мүшелері және шақырылғандар

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1.

Жауапты: ТАӘ

«қолдағандар» - __, «қарсы» - __, «қалыс қалды» – __ дауыс берді.

2.

Жауапты: ТАӘ

«қолдағандар» - __, «қарсы» - __, «қалыс қалды» – __ дауыс берді.

Төраға

Хатшы

ТАӘ

ТАӘ

«Д. Серікбаева атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғам	
«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ ғылыми-техникалық кеңесі туралы ереже «ШҚТУ» КеАҚ ЖЭ 077-ІІ-2025	Стр. 10 из 12

2 қосымша

Ғылыми-техникалық кеңес хаттамасынан үзінді үлгісі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

«Д. Серібаев атындағы Шығыс
Қазақстан техникалық университеті»
коммерциялық емес акционерлік
қоғамы

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И
ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Некоммерческое акционерное
общество «Восточно-Казахстанский
технический университет имени
Д.Серикбаева»

ХАТТАМАДАН ҮЗІНДІ № _____

«__» _____ 202__ ж., «Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ Ғылыми-техникалық
кеңесі

Төраға: ТАӘ, лауазымы

Хатшы: ТАӘ, лауазымы

«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ ҒТК мүшелері мен шақырылғандар қатысты

КҮН ТӘРТІБІ

1.

Баяндамашы – ТАӘ.

ТЫҢДАЛДЫ:

1.

Баяндамашы – ТАӘ.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1.

Төраға,
лауазымы

ТАӘ

Хатшы

ТАӘ

«Д. Серікбаева атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғам	
«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ ғылыми-техникалық кеңесі туралы ереже «ШҚТУ» КеАҚ ЖЭ 077-ІІ-2025	Стр. 11 из 12

3 қосымша

**«Университеттің Ғылыми-техникалық кеңесі отырысының күн тәртібіне
енгізу туралы» қызметтік хатының үлгісі**

**Басқарма мүшесі – ғылым және инновация
жөніндегі проректор,
Ғылыми-техникалық кеңес төрағасы
Ж.Т. Конурбаеваға**

Қызметтік хат

Университеттің Ғылыми-техникалық кеңесінде төмендегі сұрақты(тарды)
қарастыруды сұраймын:

- *жобаның атауы* жобасы бойынша 202_ -202_ жылдарға арналған гранттық
қаржыландыру жобасы бойынша штат кестесін және бюджеттік өтінімді қарау, *жоба
жетекшісі*.

- *бюджеттік өтінімге өзгерістер енгізу және т. б.*

Жоба жетекшісі

ТАӘ

